Жетісу облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының 2026 жылдың III тоқсанның қорытындысы бойынша атқарған жұмысы туралы
АҚПАРАТ

Жетісу облысының автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 4 035 км *(республикал«ық маңызы бар 1 050 км, жергілікті маңызы бар 2 985 км)* құрайды.

2026 жылы облыста автомобиль жолдарын салуға және жөндеуге **150,2 км-ге 26,9 млрд. теңге** бөлінді.

Анықтама үшін:

* 10 км құрылыс пен реконструкциялауға – 3,9 млрд. теңге;
* 10 көпірді қайта жаңартуға - 3,0 млрд. теңге;
* 1 көпірді күрделі жөндеуге - 1,0 млрд. теңге;
* 132,5 км. жолды орта жөндеуге – 12,3 млрд. теңге;
* 7,7 км. Жолды күрделі жөндеуге – 3,2 млрд. теңге;
* ағымдағы жөндеуге, ұстауға - 3,5 млрд.теңге .

Өткен кезеңде 3 лот бойынша 3 маршрутты қамтитын тұрақты ауданаралық, облысаралық маршруттарға қызмет көрсету құқығына 2 конкурс өткізілді.

2026 жылдың III-тоқсанның қорытындысы бойынша www.elicense.kz порталы, ХҚКО арқылы 17 өтініш келіп түсті, оның ішінде «Облыстық және аудандық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының бөлінген белдеуінде жарнаманы стационарлық орналастыру объектілерінде сыртқы (көрнекі) жарнаманы орналастыруға рұқсат беру» - 0, «Өздігінен жүретін шағын көлемді кемелерді басқару құқығына куәліктер беру» - 14, «Жолаушыларды облысаралық қалааралық, ауданаралық (облысішілік қалааралық) және халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты емес тасымалдау, сондай-ақ жолаушыларды халықаралық қатынаста автобустармен, шағын автобустармен тұрақты тасымалдау қызметімен айналысу үшін лицензия беру» - 0, «Ауданаралық (облысішілік қалааралық), ауданішілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастардағы әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобиль жолаушылар тасымалдарын жүзеге асыруға байланысты тасымалдаушының шығындарын субсидиялау» - 0, «Облыстық және аудандық маңызы бар жадпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарын арналармен, байланыс және электр беру желілерімен, мұндай құбырларымен, газ құбырларымен, су құбырларымен және темір жолдармен, басқалармен қиылысуға жобалау үшін техникалық шарт беру» - 3.

Мемлекеттік қызметті алуға 17 өтініш қанағаттандырылды.

Есепті кезеңде басқармада көрсетілген мемлекеттік қызметтердің сапасына қызмет алушылар тарапынан шағымдар түспеген

2026 жылдың үшінші тоқсанның қорытындысы бойынша басқармаға жеке және заңды тұлғалардан 181 өтініш келіп түсті, оның ішінде өтініштер -

142, шағымдар – 13, ұсыныстар – 4, басқалары *(хабарлама, сұрау салу, үн қосу)* – 22.

180 өтініштің ішінде, 47 - өтініш басқа мемлекеттік органдардың қарауына жолданды, 129 – өтініш басқарма тарапынан қаралды, 3 – өтініш қарастырылуда.

Барлық өтініштер заңнамада көзделген тәртіппен және мерзімдерде қаралды.

Басқарма басшысы **Ғ. Дәрібаев**